

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Әдебиеттік оқу "Балуан"

ЖАРИЯЛАНДЫ  
19.06.2021СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/101631/>

Мырзахметова Гүлнұр Нұржауқызы

Пән:Әдебиеттік оқу Мектеп:№ 7 мектеп- лицей

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым.

Күні: Мұғалімнің аты-жөні: Мырзахметова Г.Н

Сынып: 3

Қатысқандар саны:

Қатыспағандар саны:

Сабақ тақырыбы: Балуан

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары

3.2.1.2.шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп/шолып/түртіп алып/ қажетті ақпаратты тауып/белгі қойып/сын тұрғысынан бағалап оқу.

3.1.2.1 шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық, таңдауына қарай мазмұндау.

3.3.2.1.Шығарма кейіпкеріне хат/ертегі (кейіпкер қосу,соңын өзгерту...) / өлең, (төрт жолды)/әңгіме (оқығаны, көргені бойынша) жазу.

Сабақ мақсаттары: Барлық оқушылар: Шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп, оқиды. Шығарманы жоспар бойынша мазмұндай алады. Шығарма кейіпкеріне хат жаза алады.

Оқушылардың басым бөлігі: Шығармадан қажетті ақпаратты тауып оқиды. Шығарманың мазмұнын өз сөзімен мазмұндайды. Балуан сөзіне бір шумақ өлең құрастырады .Кейбір оқушылар: Шығарманы сын тұрғысынан бағалап оқиды. Шығарманың мазмұнына өз көзқарасын білдіре отырып, мазмұндайды. «Балуандық -ұлттық өнер» тақырыбында эссе жаза алады.

Бағалау критерийлері • Шығарманы іштей саналы түрде түсініп , қажетті ақпаратты тауып, сын тұрғысынан бағалап оқи алады;

- Шығарманы мазмұндай алады;
- Шығарма кейіпкеріне хат, өлең , эссе жаза алады.

Тілдік мақсат Пәнге тән лексика мен терминология: Оқушылар балуан, композициялық

құрылым, оқиғалар тізбегі туралы сипаттайды.

Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: «Күш атасын танымас» , бейхабар, балуан сөздерінің мағынасын түсіндіреді.

Құндылықтарды дарыту «Кім зерек » әдісінде оқиға картасына сүйене отырып әңгімелеуде өмір бойы білім алу құндылығы, «Жарысты жалғастыр» әдісінде оқушы бойында жұппен және топпен жұмыс арқылы қарым-қатынас жасау қабілеті және өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау, жауапкершілік құндылықтары дариды .

Пәнаралық байланыстар математика: 1, 2, 3 –ке саналып топқа бөліну.

дене шынықтыру: еркін күрес спорт түрі туралы мағлұмат беру.

АКТ қолдану дағдылары Интербелсенді тақта, ғаламтор

Бастапқы білім Қарым-қатынас жасау қабілетін біледі. Өзгелердің жетістігіне құрметпен қарау, алғыс білдіре білдіру, спортқа, салауатты өмір салтына ден қоюды біледі.

Сабақ барысы

Сабақтың

жоспарланған

кезеңдері Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет Ресурстар

Сабақтың басы — Топқа бөлу: 1,2,3 –ке саналып, үш топқа бөлініп отырады .

— Үй тапсырмасын пысықтау: Жалпақ сұрақ «Мәтінге жақын ой» әдісі арқылы «Құрманғазы» мәтіні бойынша оқиғаға қатысты «күй құдіреті» дегенді қалай түсінетіндіктеріңді жүйелеп жазып келгендерді тыңдайық..

Ой қозғау. «Күш атасын танымас» деген мақалдың мағынасын қалай түсінесіңдер?

Осы мақалдың мағынасын ашу тақырыпты болжауға әкеледі.

Интербелсенді тақта

Сабақтың ортасы

Тыңдалым.

Қажымұқан Мұнайтпасұлы (7 сәуір 1871 жылы Ақмола облысы Қараөткел аулы - 12 тамыз 1948 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы )- қазақтың атақты палуаны және цирк әртісі. Кәсіпқойлар арасында классикалық күрес бойынша әлем чемпионаттарында бірнеше дүркін (1908,1909,1911,1913,1914 жылдары) жеңіске жетті. Француз күресі бойынша әлем чемпионы атағын жеңіп алған, ең алғашқы қазақ. Қажымұқанды «Қара Иван» деп те атаған, ал 1912 жылы қажылыққа барып келгеннен кейін, ол өз атына «қажы» атауды қосып алып, осы атпен бүкіл әлемге танымал болды.

Оқылым (Т) Әуелбек Қоңырбаевтың «Балуан» естелігі оқылады.

1-тапсырма: мәтінді «Жарысты жалғастыр» әдісі арқылы оқыту (мәтін 3 топқа бөліп беріледі: басы, негізгі бөлім, соңы) «Түртіп алу» әдісі арқылы қиын сөздердің астын сызып кетеді.

Дескриптор:

-белгі бойынша мәтінді 2-3 минут іштей оқиды;

-тізбек бойынша оқушылар дауыстап оқиды;

-таныс емес сөздерді түсіндіреді;

-мәтінді бір-біріне түсіндіреді;

— сұрақ – жауап арқылы мәтінді түсінеді.

\* Сөздікпен жұмыс: Бейхабар – хабарсыз

Қазақша күрес сөзіне түсінік беріледі. Естеліктің не екендігі еске түсіріледі.

а) «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы мәтінді түсіну;

-Әңгіме кім туралы?

— Мәтін неліктен «Балуан» деп аталған?

— Сайыс қай қалада өтті?

— Сар-Кекен деген кім?

— Мәтін қалай аяқталды?

-Мәтіннің негізгі ойы не?

«Ойлан, жұптас, талқыла» әдісі.

1 топ :Берілген суреттерге сүйене отырып Қажымұқанды сипатта.

2 топ: Мәтіннің композициялық құрылымына талдау жаса.

3 топ: Мәтінге жоспар құрастыру.

Дескриптор:

-Мәтін мазмұнына сай Қажымұқанды сипаттайды;

— Мәтіннің композициялық құрылымына талдау жасайды;

— Мәтінге жоспар құрастырады.

ҚБ «Аяқталмаған сөйлем» әдісі.

Мен ... үйрендім.

... қолымнан келеді.

Мен ... орындай алдым.

Сергіту сәті: Сіз білесіз бе? (Қазақстандағы еркін күрес спорт түрінің дамуы туралы қызықты мәліметтер .)

2 тапсырма «Кім зерек» әдісі. Мәтінді мазмұндау.

а) мәтінді жоспар бойынша әңгімелеу.

ә) Шығарманың мазмұнын оқиға картасы арқылы мәселе, шешу жолдарын ұсыну.

Атауы Кейіпкерлер Ахуал, жағдай

Шешімі Проблема Оқиға

б) Қазіргі балуандық өнерге деген көзқарасын білдіре отырып әңгімелеу.

Дескриптор:

— Мәтінді жоспар бойынша әңгімелейді;

— Оқиға картасы арқылы мәселе, шешу жолдарын ұсынады;

— Шығарманы өз сөзімен әңгімелейді.

ҚБ «Рефлективті экран» әдіс арқылы бағалайды.

Жазылым.

3-тапсырма. «Еркін жазу» әдісі

1 топ: Кейіпкерге хат жазу;

2 топ: «Балуан» сөзіне бір шұмақ өлең құрастыру;

3 топ: «Балуандық – ұлттық өнер» тақырыбында шағын эссе жазу.

Дескриптор:

-шығарма кейіпкеріне хат жазады;

— бір шумақ өлең құрастырады;

— тақырыпқа сай эссе жазады.

Қ/Б «Екі жұлдыз бір тілек» әдісі Үнтаспа

Оқулық

бейнежазба

дәптер

Интербелсенді тақта (бейнежазба)

оқиға картасы

Экрандағы кесте

<https://yandex.kz/>

Сабақтың соңы Рефлексия «Еркін микрофон» әдісі

«Қажымұқан Мұнайтпасұлы кім?» деген сұраққа бір сөйлеммен жауап беру.

Үйге тапсырма: Мәтінді рөлге бөліп сахналап көрсетуге дайындалу.

Кері байланыс : Аралдар Микрофон

Саралау – оқушыларға қалай

көбірек қолдау көрсетуді

жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?

Бағалау – оқушылардың

материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? Денсаулық және қауіпсіздік

техникасының сақталуы

1-тапсырма: «Жарысты жалғастыр» әдісі арқылы оқыту (мәтін 3 топқа бөліп беріледі: басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау. «Диалог және қолдау» арқылы саралау жүзеге асады. Кейбір оқушыларымның мүмкіндіктерін ескере отырып, мәтін бойынша жоспар құрастыруға, қиын сөздердің мағынасын түсіндіріп, қолдау көрсетемін.

2 -тапсырма: «Кім зерек» әдісі арқылы жүзеге асады. Тапсырма арқылы сараланады. Оқушыларымның мүмкіндіктерін ескере отырып, үстелдеріне белгілі бір сандарды таратып беріп, сол сандарға сәйкес тапсырмаларды саралап, ұсынамын.

3 -тапсырма. «Еркін жазу» әдісі арқылы жүзеге асады. Бұл тапсырманы нәтиже арқылы саралаймын. Менің сыныбымның кейбір оқушылары тапсырманы орындау барысында «нақыл сөздер, мақал – мәтелдер » қолдануы мүмкін. Қ/Б «Бір ауыз сөз» әдісі арқылы

топтағылар бірін-бірі бағалайды .

Қ/Б «Екі жұлдыз бір тілек» әдісі арқылы бірін-бірі бағалайды.

Қ/Б «Рефлексивті экран» әдісі арқылы топтар келесі топты бағалайды. Партада дұрыс отыру ережесімен таныстырылады, табандары еденге тиіп, партамен кеуденің арасын алақанмен өлшеп, қаламды екі саусақпен өлшеп, дәптерді көлбей қою ескертіледі. Жазу жазғанда, ойын ойнаған кезде қауіпсіздік ережелерін сақтауы ескертіліп отырылады. Сергіту жаттығуы арқылы денсаулықты нығайту; топтық, жұптық жұмыстарды жүргізуде қауіпсіздік ережесінің сақталуына көңіл бөлемін.

Сабақ бойынша рефлексия

Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме?

Жеткізбесе, неліктен?

Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?

Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?

Жалпы баға

Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1.

2.

Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1.

2.

3. Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.